**Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны үшін алымның мөлшерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 968 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы* N 1332 *(2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің 425-1-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны үшін алымның мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 968 қаулысымен бекітілген

**Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны үшін алымның мөлшері**

1. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғаны үшін алымның мөлшері:

1) балалар және ғылыми тақырыптағы бұқаралық ақпарат құралын құратын жеке немесе заңды тұлғалардан - алымды төлеген күнге қолданылатын екі айлық есептік көрсеткішті;

2) өзге де тақырыптағы бұқаралық ақпарат құралын құратын жеке немесе заңды тұлғалардан - алымды төлеген күнге қолданылатын бес айлық есептік көрсеткішті құрайды.

2. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қойғандығын куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру үшін төленетін алымның мөлшері осы қосымшаның 1-тармағында белгіленген ставканың сексен пайызын құрайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК